**"Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 03 шілдедегі N 191 қаулысы. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылы 07 тамызда N 2420 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 02 маусымдағы № 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 02.06.2014 № 196 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы " Ақпараттандыру туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсететін қызметтер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы "Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы" N 305 қаулысына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Досымбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі А. Мұсаханов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі А. Жұмагалиев*
03 шілде 2013 жыл

Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 03 шілдедегі N 191 қаулысымен бекітілді

## "Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқамаларын беру" электрондық мемлекеттік қызметінің регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқамаларын беру"электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) мемлекеттік мекемесімен, сондай-ақ "электрондық үкімет" веб-порталы www.e.gov.kz және "Е-лицензиялау" www.elicense.kz веб-порталы арқылы көрсетіледі.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы "Ақпараттандыру туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілген қызметтер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы N 305 қаулысымен бекітілген "Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқамаларын беру" мемлекеттік қызметінің стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметтің автоматтандыру деңгейі: ішінара автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы электрондық мемлекеттік қызмет регламентінде (бұдан әрі-Регламент) пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) ақпараттық жүйе – ақпаратты апараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

2) "электрондық үкіметінің" веб-порталы – нормативтік-құқықтық базаны қоса алғанда барлық біріктірілген үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге бірыңғай қол жеткізу терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);

3) "Е-лицензиялау" веб порталы – берілген, қайта ресімделген, тоқтата тұрғызылған, қайта жаңартылған және қолданылуын тоқтатқан лицензиялар, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензияттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметтері бар, ол лицензиар беретін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірін орталықтандырып қалыптастыратын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ);

4) "электрондық үкімет" шлюзі – электрондық қызметтерді іске асыру шеңберінде "электрондық үкімет" ақпараттық жүйелерін ықпалдастыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);

5) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі – жеке және заңды тұлғалардың төлемдерді жүзеге асырған кезде екінші деңгейдегі банктердің, банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелері арасындағы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮТШ);

6) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры – Қазақстан Республикасында заңды тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және олар туралы өзекті және дұрыс мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олардың өкілеттіктерінің шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсыну мақсатында ақпаратты автоматтандырып жинауға, сақтауға және өңдеуге, Ұлттық бизнес сәйкестендіру нөмірлері тізілімін құруға арналған автоматтандырылған жүйе (бұдан әрі – ЗТ МДҚ);

7) алушы – электрондық мемлекеттік қызмет оған көрсетілетін жеке немесе заңды тұлға;

8) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, соның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

9) бизнес сәйкестендіру нөмірі – бірлескен кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі - БСН);

10) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпаратты ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге кіретін және оларды пайдаланатын субъект;

11) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана

отырып, ақпаратпен өзара алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

12) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы (бұдан әрі – ЭЦҚ);

13) электрондық құжат – онда ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен куәландырылған құжат;

14) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекет қызмет;

15) электрондық лицензия – ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ресімделетін және берілетін, қағаз тасығыштағы лицензияға мәні тең электрондық құжат түріндегі лицензия;

16) құрылымдық – функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ ) – бұл қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мекемелердің немесе өзге ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің және ақпараттық жүйелердің тізбесі.

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. Қызмет берушінің ЭҮП арқылы қадамдық іс-қимылы және шешімдері осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың N 1 диаграммасы):

1) алушы өзінің ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігінің көмегімен ЭҮП-та тіркеуді жүзеге асырады, ол алушының компьютерінің интернет-браузерінде сақталады (ЭҮП-та тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс - алушының компьютерінің интернет-браузерінде ЭЦҚ тіркеу куәлігін бекіту, мемлекеттік қызметті алу үшін ЭҮП-қа алушының пароль енгізу үдерісі (авторизациялау үдерісі);

3) 1-шарт – ЭҮП-да тіркелген алушы туралы деректердің түпнұсқалығын логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тексеру;

4) 2-үдеріс – алушы деректерінде бұзушылықтардың болуымен байланысты ЭҮП-мен авторизациядан бас тарту туралы хабарламаны құру;

5) 3-үдеріс – алушы осы Регламентте көрсетілген қызметті "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-де таңдайды, қызмет көрсету және нысанның құрылымы мен форматтық талаптарының есебімен, сұрау нысанына электронды түрде қажетті құжаттарды бекіте отырып, оны алушының толтыруы үшін экранға сұрау

нысанын шығару;
6) 4-үдеріс – қызметтерді ЭҮТШ-та төлеу, одан кейін бұл ақпарат "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ға түседі;
7) 2-шарт - қызмет көрсеткені үшін төлем фактісін "Е-лицензиялау" МДБ АЖ-да тексеру;
8) 5-үдеріс – қызметтерді "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да көрсеткені үшін төлемдердің болмауына байланысты сұратылған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құру;
9) 6-үдеріс – сұрауды куәландыру (қол қою) үшін алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;
10) 3-шарт – ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және тізімде кері қайтарылған тіркеу куәліктерінің (жойылған) жоқ болуын, сондай-ақ сұрауда көрсетілген БСН арасында және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін ЭҮП-да тексеру;
11) 7-үдеріс – алушының ЭЦҚ-ның нақтылығын растамаумен байланысты сұратылған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құру;
12) 8-үдеріс – алушының ЭЦҚ арқылы қызмет көрсетуге сұраудың толтырылған (енгізілген деректер) нысанын куәландыру (қол қою);
13) 9-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да электронды құжатты (алушының сұрауын) тіркеу және "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да сұрауды өңдеу;
14) 4-шарт – лицензия беру үшін алушының біліктілік талаптарына және негіздерге сәйкестігін қызмет берушінің тексеруі;
15) 10-үдеріс – алушының "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ғы деректерінде бұзушылықтарының бар болуына байланысты сұратылған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құру;
16) 11-үдеріс – алушының ЭҮП құрған қызмет (электрондық лицензия) нәтижелерін алуы. Электронды құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалануымен құрылады.
7. Қызмет беруші арқылы қадамдық іс-қимылы және шешімі осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың N 2 диаграммасы):
1) 1-үдеріс – мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызмет беруші қызметкерінің логин мен парольді "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ға енгізуі;
2) 1-шарт – қызмет берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің нақтылығын "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да логин және пароль арқылы тексеру;
3) 2-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламаны "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да құру;
4) 3-үдеріс – осы Регламентте көрсетілген қызметтерді қызмет беруші

қызметкерінің таңдауы, қызмет көрсету үшін сұрау нысанын экранға шығару және қызмет көрсету қызметкерінің алушы деректерін енгізуі, сондай-ақ алушы өкілінің сенімхаты негізінде (нотариалды куәландырылған сенімхат болған жағдайда, өзгедей сенімхат куәландырылған жағдайда сенімхат деректері енгізілмейді);

5) 4-үдеріс – ЭҮШ арқылы алушы деректері туралы ЗТ МДҚ-ға, сондай ақ алушы өкілінің деректері туралы БНАЖ-ға сұраныс жіберу;

6) 2-шарт – алушы деректерінің ЗТ МДҚ-да, БНАЖ-да бар болуын тексеру;

7) 5-үдеріс - алушы деректерінің ЗТ МДҚ-да, сенімхат деректерінің БНАЖ-да жоқ болуына байланысты деректерді алудың мүмкін еместігі туралы хабарламаны құру;

8) 6-үдеріс – құжаттардың қағаз нысанда болуы туралы белгісі бөлігінде сұрау нысанын толтыру және алушы ұсынған қажетті құжаттарды қызмет беруші қызметкерінің сканерлеуі және оларды сұраныс нысанына тіркеу;

9) 7-үдеріс – сұрауды "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да тіркеу және "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да қызметтерді өңдеу;

10) 3-шарт – қызмет берушінің лицензия беру үшін алушының біліктілік талаптарына және негіздерге сәйкестігін тексеруі;

11) 8-үдеріс - "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да алушы деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты сұратылған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құру;

12) 9-үдеріс – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да құрылған қызмет нәтижелерін алушының алуы. Электронды құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдалануымен құрылады.

8. Электрондық мемлекеттік қызметтің сұранысы мен жауабының нысандары "Е-лицензиялау" www.elicense.kz веб-порталында келтірілген.

9. Алушымен электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұраныстың орындалу мәртебесін тексеру әдісі: "электрондық үкімет" порталындағы "Қызмет алу тарихы" бөлімінде, сондай-ақ қызмет көрсетушіге жүгінгенде.

10. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету бойынша қажетті ақпаратты және кеңесті call – орталықтың (1414) телефоны арқылы алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

11. Қызметті көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:

1) ЭҮП;

2) ЭҮШ;

3) ЭҮТШ;

4) "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ;
5) ЗТ МДҚ;
6) қызмет беруші.

12. Әрекеттер (рәсімдер, функциялар, операциялар) кезектілігінің мәтінді кестелі сипаты әрбір әрекетті орындау мерзімін көрсете отырып, осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

13. Әрекеттердің олардың сипатына сәйкес қисынды кезектілігі арасындағы өзара байланысты (қызметті көрсету процесінде) көрсететін диаграмма осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

14. Алушыларға қызметтерді көрсету нәтижелері осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

15. Алушыларға қызметтерді көрсету үдерісінде қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);
2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);
3) қолжетімділік (ақпараттар мен ресурстарды рұқсатсыз ұстап қалудан қорғау);

16. Қызмет көрсетудің техникалық шарттары:
1) Интернетке шығу;
2) электронды лицензия берілетін тұлғада ЖСН/БСН бар болуы;
3) ЭҮП авторизациялау;
4) ЭЦҚ пайдаланушының болуы;
5) екінші деңгейдегі банкіде банкілік карточкасының немесе ағымдағы шотының бар болуы.

"Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқамаларын беру" электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 1-қосымша

## 1-кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ-ның іс-қимылдарын сипаттау

| N іс-қимыл (жұмыстар барысыны, ағынның) | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|
| ҚФБ-ның атауы | Алушы | ЭҮП | Алушы | ЭҮТШ | ЭҮП |
| Іс-қимыл-дың атауы ( | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үдеріс, рәсім, операция-лар) және олардың сипатта-масы | ЭЦҚ тіркеу куәлігінің тұтынушының компью-теріндегі интернет браузеріне бекіту | Алушының дерек-терінде бұзушылық-тардың бар болуына байланысты бас тарту туралы хабарламаны құру | Электронды түрде қажетті құжаттарды бекіте отырып, қызметті таңдайды және сұрау деректерін құрады | Қызмет-терді төлеу | Төлемнің болуына байланыс ты бас т туралы хаб маны құра |
| Аяқталу нысаны ( деректер, құжат, ұйымдасты-ру-өкімдік шешімдер) | Сұранысты сәтті қалыптас-тырғандығы туралы хабарламаны бейнелеу | Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптас-тыру | Сұранысты сәтті қалыптастыр-ғандығы туралы хабарламаны бейнелеу | Әрекет-тің сәтті аяқтал - ғандығы туралы хабарла-маны бейнелеу | Сұратыл-ған элек дық мем тік қызме бас тар туралы хабарлам қалып-тастыру |
| Орындау мерзімдері | 10–15 секунд | 20 секунд | 1,5 минут | 1,5 минут | 20 секунд |
| Келесі іс-қимыл-дың нөмірі | 2-егер алушының дерек-терінде бұзушылық-тар бар болса;<br>3–егер авторизация сәтті өтсе | - | 4 | 5–егер төлеме-се,<br>6-егер төлесе | - |

кестенің жалғасы

| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
|---|---|---|---|---|---|
| Алушы | ЭҮП | Алушы | "Е-лицен-зиялау" МДҚ АЖ | "Е-лицензия-лау" МДҚ АЖ | "Е-лицен-зиялау" МДҚ |
| Сұрауды куәланды-ру (қол қою) үшін ЭЦҚ таңдау | Алушының ЭЦҚ нақтылы-ғының растал-мауына байланысты бас тарту туралы хабарламаны құрады | ЭЦҚ арқылы сұрауды куәланды-ру (қол қою) | Электрон-дық құжатты, өтінішті ( алушының сұрауын) және сұранысты өңдеу | Алушы деректерінде бұзушылық-тардың бар болуына байланысты сұратылған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құру | Электрондық |
| Сұранысты бағыттау | Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптасты-ру | Сұранысты бағыттау | Өтінішке нөмір берумен сұранысты тіркеу | Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру | Электронды лицензия, қа берілген лице лицензия көш |
| 10–15 секунд | 10–15 секунд | 1,5 минут | 1,5 минут | 20 секунд | 15 жұмыс<br>10 жұмыс<br>2 жұмыс күні |
| 7-егер ЭЦҚ қате болса;<br>8 – ЭЦҚ қате болмаса | - | - | Лицензия беру үшін қызмет берушінің біліктілік талаптары-на және негіздерге алушының сәйкесті | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | -<br>гін тексеру | | |

## 2 кесте. Қызмет беруші арқылы ҚФЕ-нің іс-әрекеттерін сипаттау

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс - әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының ) N | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 2 | ҚФБ атауы | Қызмет беруші | "Е-лицензия-лау" АЖ МДҚ | Қызмет беруші | ЗТ МДҚ |
| 3 | Іс-әрекеттің (процестің , рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы | "Е-лицен-зиялау" АЖ МДҚ-да авториза-циялау | Деректерде қателіктердің болуына байланысты бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру | Қызмет көрсетуші-нің қызмет-керімен қызметті таңдау | ЗТ МДҚ алушының деректері туралы сұрау жолдау |
| 4 | Аяқтау нысаны ( деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешім) | Сұранысты сәтті қалыптас-тырғандығы туралы хабарла-маны бейнелеу | Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру | Сұранысты сәтті қалыптас-тырғандығы туралы хабарла-маны бейнелеу | Сұранысты бағыттау |
| 5 | Орындау мерзімдері | 10-15 секунд | 20 секунд | 1,5 минут | 1,5 минут |
| 6 | Келесі іс-әрекеттің нөмірі | қызмет берушінің логині мен паролі туралы деректер-дің түпнұсқа-лығын "Е-лицен-зиялау" МДҚ АЖ-да тексеру | - | 4 | 5–егер пайдаланушы деректерінде бұзушылықтар болса ;<br>6–авторлау сәтті өтсе |

кестенің жалғасы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| "Е-лицен-зиялау" АЖ МДҚ | Қызмет беруші | "Е-лицензия-лау" АЖ МДҚ | "Е-лицензия-лау" АЖ МДҚ | "Е-лицензия-лау" АЖ МДҚ |
| Деректерде қателіктер-дің болуына байланысты бас тарту туралы хабарлама қалыптас-тыру | Құжаттарды тіркей отырып, сұрау нысанын толтыру | "Е-лицензия-лау" АЖ МДҚ-да электронды құжатты тіркеу және " Е-лицензия-лау" АЖ МДҚ-да қызметті өңдеу | "Е-лицензия-лау" АЖ МДҚ-дағы пайдаланушының деректерінде қателіктердің болуына байланысты бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру | Электронды құжат ( электронды лицензия) |
| Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптас-тыру | Сұранысты сәтті қалыптас-тырғандығы туралы хабарламаны бейнелеу | Өтінішке нөмір берумен сұранысты жүйеде тіркеу | Сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру | Электронды лицензия, қайта берілген лицензия, лицензия көшірмесі |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20 секунд | 10-15 секунд | 10-15 секунд | 20 секунд | 15 жұмыс күні, 10 жұмыс күні, 2 жұмыс күні |
| | | 8-егер "Е-лицензия-лау" МДҚ АЖ-да сұрау салу бойынша деректер жоқ болса; 9-егер сұрау салуда деректер табылса | - | |

"Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқамаларын беру" электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 2-қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметті ЭҮП арқылы көрсеткен кездегі функционалды өз ара әрекеттестіктің N 1 диаграммасы



## Электрондық мемлекеттік қызмет беруші арқылы көрсеткен кездегі функционалды өз ара әрекеттестіктің N 2 диаграммасы




## Шартты белгілер




"Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның төлнұсқамаларын беру" электрондық мемлекеттік қызметінің регламентіне 3-қосымша

## "Сапа" және "қол жетімділік" электрондық мемлекеттік қызмет көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнама үлгісі

________________________________________________________

(қызмет атауы)

1. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процессінің сапасы мен нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанбаймын;

2) жартылай қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

2. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат сапасына қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанбаймын;

2) жартылай қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

3) қанағаттанамын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК